

Акцияның шарттары

1-БӨЛІМ. ЖАРНАМАЛЫҚ АКЦИЯҒА ҚАТЫСУҒА ҚҰҚЫҚ БЕРЕТІН ӨНІМ ЖӘНЕ САУДА БЕЛГІЛЕРІ.

1. Қазақстан Республикасы аумағында «Настоящий Буратино» сауда маркасынан «Таңдау өз қолыңызда!» жарнамалық акциясының (бұдан былай – Жарнамалық акция) ұйымдастырушысы Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Гоголь к-сі, 211, «Жигалма» ЖШС және «Реклама и Маркетинг» ЖШС (бұдан былай – Ұйымдастырушы деп аталатын) болып табылады.

Жарнамалық акцияға қатысу үшін қақпақтың ішінде бірегей Кодының суреті бар алтын түсті арнайы пластик қақпағы бар (әрі қарай «Қақпақтар») 0.5, 1.0, 1.5, 2.0 литр көлеміндегі «Жигалма» ЖШС өндірген «Настоящий Буратино» сауда белгісінің сусынын сатып алу қажет. Сыйлықты/сыйлықтарды алу үшін барлық тапсырылатын Қақпақтарды Ұйымдастырушы түпнұсқалылығына тексере алады. Қақпақтардың түпнұсқа болуына қатысты даулар туындаған жағдайда Ұйымдастырушының шешімі ақырғы болып табылады .

Жарнамалық акция осы өткізу ережелері мен Жарнамалық акцияға қатысу шарттарына сәйкес өткізіледі.

2-БӨЛІМ. ҰТЫС ТАҢБАЛАРЫ ЖӘНЕ ҰТЫС ОЙЫНЫНЫҢ ЖҮЛДЕЛЕРІ

2. Қақпақтың ішкі жағында 12 таңбадан тұратын бірегей кодты (әрі қарай – «Код») тауып алыңыз да, оны өзіңіздің ұялы телефоныңыздан 7102 қысқа нөміріне табылған Коды бар SMS-хабарламаны жіберіп тіркеліңіз, немесе, www.buratino.kz сайтында тіркелуге болады. Әрбір код тек бір рет қана тіркеле алады.

2.1. SMS-хабарлама арқылы өзінің кодын тіркеген Ұтыс ойынының қатысушысына 7102 нөмірінен қатысу кодының тіркелгенін растайтын жауап SMS-хабарлама жіберілуі мүмкін. Қазақстан абоненттері үшін SMS арқылы кодты тіркеу құны 7 теңгені құрайды. buratino.kz вебсайты арқылы кодтарды тіркеу тегін.

2.2. Жарнамалық акцияның жоғарыда анықталған өткізу кезеңі басталғанша және аяқталғаннан кейін тіркеуге жіберілген Кодтар, сондай-ақ, екінші рет тіркеуге жіберілген Кодтар қабылданбайтын болады. Ұйымдастырушы Кодтарды қабылдаудан бас тарту немесе тоқтату жайында хабарлауға міндетті емес, бірақ құқылы.

ЖҮЛДЕ:

2.3. Жұлде – мобильді/ұялы телефон теңгеріміне 200 теңге жіберу – 7560 дана.

2.4 Жұлде – Apple iPhone 8 Смартфоны, 64Gb, Silver- 8 дана. Қазақстан Республикасы аумағында.

Apple iPhone 8 Смартфонын, 64Gb, Silver ұтыс ойыны келесі мерзімдерде жүзеге асырылады:

1-кезең – 1-смартфон – 2018 жылдың 03 тамызы

2-кезең – 2-смартфон – 2018 жылдың 10 тамызы

3-кезең – 3-смартфон – 2018 жылдың 17 тамызы

- 4-кезең – 4-смартфон – 2018 жылдың 23 тамызы
- 5-кезең – 5-смартфон – 2018 жылдың 31 тамызы
- 6-кезең – 6-смартфон – 2018 жылдың 07 қыркүйегі
- 7-кезең – 7-смартфон – 2018 жылдың 14 қыркүйегі
- 8-кезең – 8-смартфон – 2018 жылдың 25 қыркүйегі

Ұйымдастырушы Ұтыс ойынның күнін Жарнамалық акцияға дейін де, оның барысында да өзгертуге құқылы. Смартфондар ұтыс ойынын өткізетін комиссия тиісті күн жеңімпазын ауыстыруға қажет болған жағдайда, әрбір ұтысқа үш балама жеңімпазды анықтау құқығын өзіне қалдырады. Алайда, Ұйымдастырушы да, Жеңімпаздарды анықтауға қатысатын қандай да бір тұлға да комиссия тарапынан осындай балама жеңімпаздар тізіміне қосылған Қатысушылардың аты-жөндерін жариялауға міндетті емес.

2.4. Ұтыстың Бас жүлделерінің жалпы саны ұлғайтыла алмайды. Бас жүлделердің жалпы саны Жеңімпаздар арасында бөлінгеннен кейін Бас жүлделерге қатысты кез келген басқа Қатысушылардың талаптары қабылданбайды. Ешбір жағдайларда Ұтыстың бірде бір Жүлдесі құнының ақшалай баламасына ауыстырыла алмайды.

2.5. Жоғарыдағы 2.3 және 2.4-тармақтарында көрсетілген күндерге сәйкес жүлделерді ұтысқа шығаруды өткізу арнайы бағдарламалық платформасы көмегімен жүзеге асырылатын болады. Кездейсоқ таңдау арқылы үш кез келген нөмір таңбаланады, рет бойынша біріншісі жеңімпаз болып танылады. Егер 2 күн ішінде Ұйымдастырушы өкілі тарапынан нөмірлер (иесі) қоңырауларға жауап бермейтін (күніне 3 реттен) болса, онда автоматты түрде (жеңімпаз) реті бойынша 2-нөмір деп танылады. Егер қатысушы жүлдемен марапатталған болса, онда ол келесі ұтыстарға қатыса алмайды.

2.6. Ұйымдастырушы қосымша түрде кодты тіркеудің сәтсіз орындалған кезек-кезек әрекеттерінен автоматты тізбектеуден қорғаудың бірқатар шарасын, IP-мекенжайды кодты табудың 20 (жиырма) сәтсіз әрекетінен кейін қара тізімге енгізуі мүмкін.

2.7. Автомобиль ұтыс ойыны бойынша Жарнамалық акцияға қатысуға 18 жасқа толған Қазақстан Республикасында тұратын барлық тұлғаларға рұқсат етіледі.

2.8. Смартфондар ұтыс ойынының қатысушылары болып танылмайтын және қатысу құқығына ие болмайтын тұлғалар:

Ұйымдастырушы Өкілдері мен отбасыларының мүшелері, сондай-ақ, барлық үлестес компаниялардың қызметкерлері.

2.9. Жарнамалық материалдардағы жүлделердің түсі, моделі мен басқа да сипаттамалары тек бейнелеу үшін қолданылады және өзге болуы мүмкін.

3-БӨЛІМ. ЖАРНАМАЛЫҚ АКЦИЯҒА ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫ:

3.0. Жарнамалық акцияға қатысатын алтын түсті арнайы пластик қақпақтары бар 0,5 л, 1 л, 1,5 л немесе 2 л. «Настоящий Буратино» өнімін (әрі қарай – Өнім) сатып алыңыз.

3.1. Кодтарды жіберіп, балансқа 200 теңгені немесе смартфонды ұтып алу мүмкіндігіне ие болыңыз.

3.2. Кодтарды www.buratino.kz сайтында «Зарегистрируй код» («Кодты тірке») бөлімінде тегін тіркеңіз немесе Қазақстанның ұялы операторлары үшін 7102 нөміріне промо коды бар SMS жіберіңіз (SMS құны 7 теңге). Қатысушыдан SMS-сұрату пішімі: Бірегей код <бос орын> аты-жөні <бос орын> қала. Мысалы: 215475841245 Абай Астана. Аты-жөні, қала – міндетті емес параметрлер.

Ескертпе: бірегей код бос орынмен де, бос орындарсыз да жүйемен қабылданады.

3.3. www.buratino.kz сайтында тіркелген кезде міндетті түрде толтырылуы тиіс жолдар:

ұялы телефон нөмірі;

аты;

тегі;

жынысы;

туған күні;

қала;

қатысушының Жарнамалық акция шарттарына келісімі;

e-mail.

3.4. Жарнамалық акция Қазақстан Республикасында 2018 жылдың 25 шілдесінен 25 қыркүйегіне дейінгі кезеңде өткізіледі.

4-БӨЛІМ. ЖҮЛДЕЛЕРДІ ҰТЫСҚА ТІГУ МЕХАНИКАСЫ:

4.1. Бас жүлде – Қазақстан Республикасындағы қатысушылар үшін 8 дана мөлшеріндегі смартфон.

4.2. Бас жүлделерді ұтқан Қатысушыларды (әрі қарай – «Жеңімпаздар») анықтау тіркелген Кодтар арасында кездейсоқ іріктеу арқылы ұтқан Кодтарды анықтайтын арнайы компьютерлік бағдарламаны қолдана отырып, 2.4-тармақта көрсетілген мерзімдерде өткізілетін болады. Әрбір смартфонды Ұтысқа шығаруды өткізу үшін Кодтар жіберушілер арасында өзінің Жеңімпазы анықталатын болады, бұл жағдайда Смартфондарды Ұтысқа шығарудың алдыңғы Кезеңдерінде тіркелген Кодтар келесі Кезеңдерде қатыса алмайды. Бас жүлделердің Жеңімпаздарын анықтау Ұйымдастырушының кем дегенде бір өкілі, техникалық платформа өкілі және нотариус құрамындағы комиссия қатысуымен жүзеге асырылатын болады. Жеңімпаздарды анықтауға қатысқан Бас жүлделердің әрбір ұтысының нәтижелері бойынша комиссия мүшелері хаттамаға қол қояды. Кезекті ұтыс хаттамасына қойылған комиссия мүшелерінің қолтаңбалары нотариуспен расталады.

4.3. Ұйымдастырушы Кодтары бар тіркелген Қақпақтың/қақпақтардың бар-жоғын немесе Коды бар жіберілген SMS-тің бар-жоғын сұратуға құқылы.

5-БӨЛІМ. ЖҮЛДЕЛЕРДІ ТАБЫСТАУ:

5.1. Қатысушылардың жүлделерді алу тәртібі:

5.2. Жүлде Алматы қ., Гоголь к-сі, 211 мекенжайы бойынша беріледі. ҚР басқа өңірлері үшін жүлде курьерлік қызметпен жіберіледі.

5.3. Жеңімпазға смартфонды табыстау мерзімі: ұтыстың әрбір кезеңін өткізгеннен кейін 10 күн ішінде.

- 5.4. Ұйымдастырушы смартфонның моделін немесе брендін өзгерту құқығын өзіне қалдырады.
- 5.5. Жұлделерді алуға үміткер болған Жарнамалық акция қатысушылары Жұлделерді алу үшін Ұйымдастырушымен ұсынылатын барлық қажетті құжаттарды толтырып, оған қол қоюға міндеттенеді.
- 5.6. Жұлдеге меншік құқығы оны алған мезетте тиісті Жұлдені ұтып алған Қатысушыға өтеді. Осы мезеттен бастап, Ұйымдастырушы Жұлдені жоғалтуға, оған ие болуға және иелік етуге байланысты қатерге жауапты емес.
- 5.7. Жұлделер Жарнамалық акция қатысушыларына осы ережелерге сәйкес түрде ғана беріледі. Жарнамалық акцияны өткізумен және Жұлдені алумен байланысты даулы мәселелер туындаған жағдайда Ұйымдастырушы шешімі ақырғы болып табылады.
- 5.8. Жұлделерге қатысты барлық шағымдар Жарнамалық акция қатысушысымен Жұлдені табыстаған жұлделерді беру орталығында Жұлдені алу мезетінде берілуі тиіс. Егер Жұлдені алу мезетінде жұлделерді беру орталығында қатысушымен Жұлдеге қатысты қандай да бір шағымдар берілмесе, Жұлде қатысушымен ақауларсыз тиісті күйде қабылданды деп саналады.
- 5.9. Жұлделердің жалпы саны Жұлдені ұтып алған қатысушылар арасында бөлінгеннен кейін қандай да бір Жұлделерге қатысты кез келген басқа қатысушылардың талаптары қабылданбайды.
- 5.10. Ұйымдастырушы жарнамалық мақсаттарда жеңімпаздардың аты-жөндері мен фотосуреттерін, бейнежазбаларды қолдану құқығын, Жарнамалық акцияны ұзарту, Жұлделерді табыстау процедурасын/санын өзгерту және Жарнамалық акция туралы қосымша ақпаратты және оны өткізу тәртібін жариялау құқығын өзіне қалдырады.
- 5.11. Ұйымдастырушы қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасы заңнамасымен қарастырылған Жұлделерге барлық міндетті салықтарды төлеу бойынша міндеттемені өзіне алуға құқылы.
- 5.12. Тиісті Жұлдені алған мезетінде Ұйымдастырушыға жеке куәліктің және/немесе төлқұжаттың түпнұсқасын бермеу, қатысушымен өз кінәсінен қандай да бір себептермен Жұлдені ала алмағаны және алмағаны Ұйымдастырушымен Қатысушының Жұлдеден бас тартуы ретінде қарастырылатын болады, оған Ұйымдастырушы жауапты емес.
- 5.13. Жұлделерді ұтып алған Қатысушылар Жарнамалық акцияға қатысу жайында жарнамалық сұхбатты, соның ішінде, радио және теледидарда, сол сияқты басқа бұқаралық ақпарат құралдарында сұхбат беруге немесе Ұйымдастырушыға осы үшін қандай да бір сыйлықақы төлеместен графикалық жарнамалық материалдарды дайындау үшін түсірілімге қатысуға келісім береді. Осындай сұхбаттар мен басқа материалдарға берілетін барлық авторлық және сабақтас құқықтар шектелмеген мерзімге сәйкес және аумақты шектеместен Ұйымдастырушыға тиесілі болады.
- 5.14. Сонымен қатар, қосымша ақпаратты +7 (727) 377-99-99 шұғыл желі телефоны бойынша алуға болады (байланыс операторының тарифіне сәйкес Қазақстан бойынша қоңырау шалу ақылы).
- 5.15. Жарнамалық акцияны өткізу мерзімдері, берілетін жұлделер, берілетін жұлделер саны, және жарнамалық акцияны өткізудің кез келген басқа шарттарын шектеместен, қоса алғанда, өткізілетін Жарнамалық акцияның шарттарына және тәртібіне кез келген өзгертулер енгізілген жағдайда

Ұйымдастырушы Жарнамалық акцияны өткізу кезеңінде қосымша ақпаратты www.buratino.kz сайтында жариялау құқығын өзіне қалдырады.

5.16. SMS жіберу немесе сайтта тіркелу қатысушының Жарнамалық акция шарттарына толық келісімді, Ұйымдастырушыдан ақпараттық хабарламаны, соның ішінде, SMS, WhatsApp немесе электрондық пошта бойынша алуға келісімін білдіреді, сондай-ақ, Қатысушы Ұйымдастырушы және/немесе онымен өкілетті тұлғалардың дерекқорында өзінің жеке деректерін ұсынуға, өңдеуге, сақтау мен қолдануға және Ұйымдастырушымен және/немесе онымен өкілетті тұлғалармен өткізілетін барлық акциялар аясында оларды әрмен қарай қолдануға өз келісімін береді.